

**Бисенбаева Р.Н.,**

Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің  
аға ғылыми қызметкері, Қазақстан, Атырау қ.,  
e-mail: bn\_rita@mail.ru

## **ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДЕГІ АКАДЕМИЯЛЫҚ ҰТҚЫРЛЫҚТЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУ ФАКТОРЫ**

Қазіргі замандағы әлемдегі іргелі өзгерістер, жоғары білім беру жүйесіне белсенді ықпал ететін интеграциялық процестерді қалыптастыру болып отыр. Әлемнің әртүрлі елдеріндегі білім беру стандарттарын үйлестіруде көрініс тапқан қазақстандық жоғары білімнің міндеттерінің бірі оның жаңару міндеті болып табылады, ол білімнің қолжетімділігі, сапасы мен тиімділігін арттыруға ықпал етеді. Профессор-оқытушылар құрамы, магистранттардың және студенттердің академиялық ұтқырлығын дамыту осы мақсаттарға қол жеткізуге ықпал етеді. Академиялық ұтқырлық маманның жалпы көрінісі мен мәдениетаралық құзыреттілігін кеңейтуге мүмкіндік береді. Шетелде тұрып, басқа елдің дәстүрлерін, құндылықтарын және басқа университеттің корпоративтік мәдениетін зерттеуде өзіңіздің мәдениетіңізге, әдет-ғұрыптарыңыз бен салт-дәстүрлеріңізге және әртүрлі көзқараспен білім сапасына көз жеткізуге мүмкіндік береді.

Осылайша, академиялық ұтқырлықты заманауи шарттармен дамытудың негізгі құралдарының бірі біліктілік пен білім беру құжаттарын тану болып табылады. Осыған байланысты әртүрлі ЖОО-лардың дипломдарын салыстыру бойынша ұлттық және халықаралық деңгейде нығайтуға көмектесетін белгілі бір құқықтық база арқылы жұмыстар жүргізу. Шет елдердің тәжірибесін басшылыққа ала отырып, қазақстандық білім беру ерекшелігін ескере отырып, әр түрлі салаларда жоғары білікті мамандарды даярлаудың түпкі мақсаты ретінде бірлескен білім беру бағдарламалары мен жобаларын әзірлеу қажеттігі туындауда.

**Түйін сөздер:** академиялық ұтқырлық, білім беру, бағдарлама, даму, инновация.

Bisenbaeva N.R.,

senior lecturer of H. Dosmukhamedov Atyrau State University,  
Kazakhstan, Atyrau, e-mail: bn\_rita@mail.ru

### **Academic mobility as a factor of innovation development in international education in Kazakhstan**

Fundamental changes in the modern world are the formation of integration processes that are active in the system of higher education. One of the goals of Kazakhstan's higher education, which is reflected in the coordination of educational standards in different countries of the world, is its renewal goal, which contributes to the accessibility, quality and effectiveness of education. Currently, one of the tasks of Kazakhstani higher education is the task of its modernization, contributing to the improvement of accessibility, quality and efficiency of education. The development of academic mobility of teaching staff, undergraduates and students contributes to the achievement of these goals.

Thus, one of the main tools for the development of academic mobility in modern conditions is still the recognition of qualifications and educational documents. In this regard, there is a certain legislative base, which helps to consolidate at the national and international level the comparison of diplomas of various universities. Guiding the experience of foreign countries, taking into account the specifics of Kazakhstan education, it is necessary to develop joint educational programs and projects that have as their ultimate goal the training of highly qualified specialists in various fields.

**Key words:** academic mobility, education, programs, development, innovation.

Бисенбаева Р.Н.

ст. преподаватель Атырауского государственного университета имени Х. Досмухамедова,  
Казахстан, г. Атырау, e-mail: bn\_rita@mail.ru

### Академическая мобильность как фактор инновационного развития в международном образовании Казахстана

Фундаментальными изменениями в современном мире являются формирование интеграционных процессов, которые активны в системе высшего образования. Одной из целей казахстанского высшего образования, которая отражена в координации образовательных стандартов в разных странах мира, является доступность, качество и эффективность образования. В настоящее время одной из задач казахстанской высшей школы является ее модернизация, способствующая повышению доступности, качества и эффективности образования. Достижению этих целей во многом способствует развитие академической мобильности ППС, магистрантов и студентов.

Таким образом, одним из основных инструментов развития академической мобильности в современных условиях по-прежнему остается признание квалификаций и документов об образовании. В связи с этим существует определенная законодательная база, которая помогает закрепить на национальном и международном уровнях сопоставление дипломов различных вузов. Руководствуясь опытом зарубежных стран, учитывая специфику казахстанского образования, необходимо разрабатывать совместные образовательные программы и проекты, имеющие своей конечной целью подготовку высококвалифицированных специалистов по различным направлениям.

**Ключевые слова:** академическая мобильность, образование, программы, развитие, инновация.

#### Кіріспе

Жаңа технологиялардың дамуы және «жаңа ақпарат құралдарының революциясы» (new media revolution) қарым-қатынастың мәтіндік, жазбаша формаларының басымдығы түбегейлі өзгерістерге алып келеді. Осы мәселеге арналған көптеген халықаралық пәнаралық зерттеулердің нәтижесінде жаңа мыңжылдықта сауаттылықтың жаңа тұжырымдамасы пайда болды. Ол әртүрлі мәтіндік және сандық ақпаратты өңдеу мен сыни ойлауға және соның арқасында кәсіби қоғамдастық пен жалпы қоғам үшін қызметтік, практикалық мәні бар жаңа білім құруға мүмкіндік беретін аналитикалық біліктер кешенін қамтиды. Бұл тұжырымдаудың маңызды салдары «сандық сауаттылық» (digital literacy) ұғымы және оның «академиялық сауаттылық» (academic literacy) ұғымына иерархиялы бағыныштылығы болды. Жаңа ұрпақта сандық сауаттылықтың дамуы өмір сүру барысында қалыптасатынын анық көрінді, ал академиялық сауаттылықты игеру тек білім беру жүйесінде ғана мүмкін екендігі анықталды. Сондай-ақ, жастардың академиялық сауаттылықты игермей сандық ресурсты білімі қолдануы олардың ХХІ ғасыр қоғамындағы сәтті әлеуметтенуге қабілетсіз болатыны да анық көрінді. Осылайша, академиялық сауаттылық білім беруді дамытудың жаңа бағытын анықтай

бастады және дамыған елдердің білім беру жүйесі реформасының негізіне қаланды. Бұл пікір- таласта қазақстандық білім беру де тыс қалған жоқ.

Екі онжылдық бойы Қазақстанда ақпараттық технологиялардың рөлі мен білім беру туралы тұрақталған дәстүрлі көзқарастарды қайта ойластыру бойынша жұмыс қарқынды жүргізілді. PISA сияқты көлемді халықаралық зерттеу жобасы білім беру жүйесінің құрылымын өзгертуге, оны жаңа әлеуметтік-экономикалық қатынас шегіне қосуға икемдеді. Қазір көптеген зерттеулер, конференциялар мен жобалар білім беру сапасына, қазақстандық білім беру бағдарламаларының халықаралық талаптарға сәйкес келу мәселесі мен жаңа стандарттарды енгізуге арналуда. Дегенмен, Батыста білім беру реформасының негізінде жатқан сауаттылық сұрақтары бойынша пікір-таластар осы уақытқа дейін қазақстандық мамандардың назарынан тыс қалып қойған, сонымен қатар академиялық сауаттылық туралы көзқарас мүлдем дамымаған. Дәстүрлі қазақстандық білім беру жүйесі көптеген онжылдықтардан бүгінге дейін ақпаратты түсінуге емес есте сақтауға, оқулық пен оқытушының сөзін қайталауға, жауапты өз бетінше іздеуге емес, дайын ақпаратты пайдалануға, эссеге емес ауызша емтиханға негізделген (Jeksembinova, 2017: 80).

Өз кезегінде қазақстандық білім берудің жаңаша бағдарламалардың кең ауқымда таратылып жатқан академиялық ұтқырлық бағдарламасының орын алуы үлкен нәтижелерге жылдан жылға жетіп жатқанын көруімізге болады. Академиялық ұтқырлық – бұл білім алушылардың немесе зерттеуші-оқытушылардың оқу немесе зерттеу жүргізу үшін белгілі бір академиялық кезеңге (оқу немесе өндірістік тәжірибеден өтуді қоса), семестр немесе оқу жылына басқа жоғары оқу орнына (ел ішінде немесе шетелде) ауысуы, мұндай жағдайда меңгерілген білім беру бағдарламасы кредиттер түрінде өз жоғары оқу орнында қайта есептеледі. Яғни сыртқы халықаралық білім беру және ішкі ұлттық білім берумен ерекшеленетін бұл бағдарламаның түрі сұраныстарға әлі күнге дейін көрініс табууда.

Қазіргі замандағы әлемдегі іргелі өзгерістер, жоғары білім беру жүйесіне белсенді ықпал ететін интеграциялық процестерді қалыптастыру болып отыр. Әлемнің әртүрлі елдеріндегі білім беру стандарттарын үйлестіруде көрініс тапқан қазақстандық жоғары білімнің міндеттерінің бірі оның жаңару міндеті болып табылады, ол білімнің қолжетімділігі, сапасы мен тиімділігін арттыруға ықпал етеді. Профессор-оқытушылар құрамы, магистранттардың және студенттердің академиялық ұтқырлығын дамыту осы мақсаттарға қол жеткізуге ықпал етеді.

Қазіргі таңда Қазақстанда тиімді академиялық ұтқырлықты жүзеге асыру үшін практикалық қадамдар жасалуда. Шет елдердің тәжірибесін басшылыққа ала отырып, қазақстандық білім беру ерекшеліктерін ескере отырып, көптеген жоғары оқу орындары заманауи еңбек нарығында сұранысқа ие жоғары білікті мамандарды даярлаудың түпкі мақсаты ретінде халықаралық білім беру бағдарламалары мен жобаларын әзірлейді.

Профессор-оқытушылар құрамы, магистранттар мен студенттердің академиялық мобильділігі олардың кәсіби дамуына елеулі әсерін тигізді және көптеген факторлар бойынша әсер етті. Академиялық ұтқырлық процесіндегі әрбір қатысушы білім беру және тәрбиелеу жағдайында нақты мәселелерді шешу қажеттілігіне тап болады. ПОҚ мен студенттердің академиялық ұтқырлығын дамыту – мамандарды даярлауда халықаралық нарықтың өсу динамикасына байланысты қолдаудың құралы болып саналады. Қазақстандағы академиялық ұтқырлық ерекшеліктері мен проблемалары осы қызметтің жоспарланбаған сипаты, материалдық және

қаржылық қолдаудың жоқтығы, осы саладағы мамандардың жетіспеушілігі, академиялық алмасудың арнайы әдістері мен тетіктерін дамытудың жеткіліксіз дәрежесі және тиімді алмасуды қамтамасыз ететін инфрақұрылымның болмауы әсер етеді.

Академиялық ұтқырлықты дамыту халықаралық деңгейде білім беру бағдарламаларын синхрондау және қазақстандық білім беру сертификаттарын, академиялық дәрежелері мен дәрежелерін нострификациялаудың (эквиваленттің) нормативтік негізделген процесін енгізу сияқты мәселелерді шешуге болмайды. Қазіргі заманғы әлемдік білім беру кеңістігінде біліктілікті және білім беру құжаттарын тану академиялық ұтқырлықты дамытудың негізгі құралдарының бірі болып табылады. Бұл фактор студенттердің жетістіктерін бағалаудың тиісті жүйесін құру қажеттілігін, және де қазақстандық жоғарғы оқу орындарындағы факультеттердің академиялық атақтары мен дәрежелерінің халықаралық стандартқа сай эквиваленттігін тану қажеттілігін өзекті мәселелерге айналып отыр (Janovskaia, 2013: 240).

Қазақстандық білім беру жүйесінде тек функционалдық сауаттылық тұжырымдамасы қолданылып келеді. Оған сәйкес «кәсіби білім алуға дайындық мәселелерін, құндылық жүйесіндегі бағдарлар мәселесін, стандартты өмірлік мәселелерді, оқу іс-әрекетінің мәселелерін шешуге» қабілетті адам функционалды сауатты саналады (2012). Функционалдық сауаттылық мәселесін Мурзалинова А.Ж. (оқушылардың функционалдық сауаттылығы (Múrzalınova, 2003: 398) ) өзінің диссертациясында кеңінен қарастырған. Біздің білуімізше, Қазақстанда жоғары білім беру мәнмәтініндегі сауаттылықтың баламалы теориялары қалыптаспаған.

Студенттер, оқытушылар мен қызметкерлердің академиялық ұтқырлығы Болон декларациясының негізгі қағидаларының бірі және заманауи білім беру мекемесінің маңызды іс-әрекеттерінің бірі болып табылады. Ол жоғары білім сапасын жақсартуға, ғылыми зерттеулердің тиімділігін арттыруға, сыртқы және ішкі интеграциялық байланыстарды орнатуға, әлемдік білім беру ресурстарын пайдалануға бағытталған.

Академиялық ұтқырлықтың маңыздылығы Болон құжаттарында көп кездеседі. Болон декларациясы осы саладағы келесі міндеттерді тұжырымдайды: «Кедергілерді еңсеру жолында қозғалуды ынталандыру кезінде, қозғалыс

еркіндігін тиімді пайдалану арқылы, ерекше назар аудару қажет (Вгнѣв, www.prof.msu.ru):

– студенттер – оқу орындарына және тиісті қызмет-көрсету салаларына қол жетімділігі;

– мұғалімдер, зерттеушілер мен әкімшілік қызметкерлер – Еуропа елдерінде өткізілген мәртебесі мен заңды құқықтарына нұқсан келтірмеу арқылы зерттеу, оқыту және қайта даярлау мақсатында қолдану;

Ұтқырлықтың негізгі мақсаты – студентке таңдаулы білім саласына әмбебап «еуропалық» білім алуға мүмкіндік беру, ол дәстүрлі түрде қалыптасқан жетекші ғылыми мектептердің танымдық білім беру орталықтарына қолжетімділігін қамтамасыз ету, еуропалық мәдениеттің барлық салаларында студенттердің білімін кеңейту және оған еуропалық азаматтың сезімін тәрбиелеу.

Академиялық ұтқырлық дәстүрлі шетелдік тәжірибеден ерекшеленеді. Болон декларациясының ұстанымдарына сәйкес, әр студент шетелдік университеттерде семестрді толықтай аяқтаған жөн. Қазақстанның көптеген ЖОО-дарында, жоғары сапалы жоғары білім алуға тілек білдірген студенттер саны жылдан жылға артып келеді. Шетелде 20 мыңнан астам қазақстандық білім алады. Қазақстан Республикасы Президентінің «Болашақ» халықаралық стипендиясының 3000 жуық ғалымы, әлемнің 27 елінде оқиды. Бұл қазақстандық жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің академиялық және мәдени интернационализациясын нығайтуға, білім беру бағдарламалары мен ғылыми зерттеулердің сапасын арттыруға ықпал етеді. Академиялық ұтқырлық жеке тұлғаның дамуы мен жұмысқа орналасу мүмкіндіктерін туғызумен қатар, бұл әртүрлілікті сақтауға және басқа да мәдениеттермен жұмыс істеу қабілетімен байланысты. Ол жоғары оқу орындарының бәсекеге қабілеттілігін арттырады. ПОҚ пен студенттердің академиялық ұтқырлығы олардың жеке және кәсіби дамуына айтарлықтай әсер етеді (Образователны standart, 2006).

Дүниежүзілік оқу орындарында академиялық мақсатта жазуға ағылшын тілінде оқыту (Writing for Academic Purposes) мәселесіне зерттеушілердің қызығушылығы шетелдік ғылыми басылымдардағы жарияланымдардың арқасында халықаралық танымалдылық алған ғалымдардың қарым- қатынас тілі ағылшын тілі болуына байланысты. Жарияланымдық белсенділік ғалым дәрежесі үшін де, ол қызмет ететін университет рейтингі үшін де маңызды мәнге ие. Бұған қоса, академиялық мақсатта

жазудың жақсы қалыптасқан дағдылары, соның ішінде шет тілдерінің бірінде, заманауи университет оқытушысының кәсіби құзыреттілігінің маңызды құраушысы болып есептеледі.

Осыған байланысты қазақстандық жоғары оқу орындарында ағылшын тілі курстарының мақсаты мен міндеттері қайта қарастырылуы қажет деп санаймыз. Бүгінгі таңда ағылшын тілін кәсіби мақсатта оқыту (English for Specific Purposes) туралы ғана емес, академиялық мақсатта ағылшын тілін оқыту (English for Academic Purposes, Мәтінде ары қарай – ЕАР) курстары аясында зерттеушілік құзыреттілікті қалыптастыру қажеттілігі туралы айтылуда. ЕАР курстарының негізгі міндеті студенттерде ағылшын тілінде жеке зерттеулер жүргізу мен оқу қабілетін дамыту қажеттілігінде. Аталған мақсатқа қол жеткізу студенттерде жалпы академиялық сауаттылықты дамытумен байланысты (Jeksembinova, 2017: 79)

### Эксперимент

Қазіргі уақытта академиялық эссе педагогикалық қоғамның зейінін көп аулауда. Жазбаша жұмыстың аталған түрі «объективті өлшеуге» жататындығынан аралық және қорытынды есеп ретінде қабылданады. Академиялық жазу саласында практикалық жазу тәжірибесі бар оқытушылар оның көрініп тұрған жетістіктерін еске салады. Ғылыми эссемен жұмыс:

1. білім алушыны «оқылатын пәнге байланысты мәтіндерді жүйелі жазуға» итермелейді;
2. оны ақыл ой пәніне үйретеді, одан «пәнге жай және ойланып енуді және жазбаша мазмұндауда өзінің ойын реттеуді» талап етеді, материалды бекітуге ықпал етеді;
3. берілген пән саласында тілді игеруге және «академиялық сауаттылық» дағдыларын өндіруге көмектеседі, «көзқарастың маңыздылығын», ұқсастылығын, байқампаздықты жаттықтырады; «кәсіби әңгімеге» нақты қатысу дағдыларын, «басқа пікірге төзімділікті», жеке дара жауапкершілікті қалыптастырады;
4. пәнаралық байланысты, зерттеушілік құзыреттілікті дамытады, жеке дара стиль қалыптастырады;
5. студент субъективті білімді объективті білім көздерімен үйлестіруді үйренеді;
6. оның зияткерлік дамуын бақылауға мүмкіндік береді.

Академиялық эссені қолданудың мақсатқа сәйкестілігі мен тиімділігі еуропалық,

американдық және отандық жоғары оқу орындарында білім беру үдерісін ұйымдастырудың кейбір принциптерін қарсы қойғанда анық болады:

1-кесте – Білім беру жүйесін салыстыру кестесі

Еуропалық және Американдық білім беру жүйесі	Қазақстандық білім беру жүйесі
Оқу үдерісі: Өзіндік жұмыс (зерттеу); Семинарлар (дискуссиялар); Интербелсенді дәрістер	Оқу үдерісі: Ағымдық дәрістер; Семинарлар (teachercentered); Өзіндік жұмыс
Есептілігі: Эссе (жазбаша жұмыс, құрылымдалған сөз)	Есептілігі: Емтихан (ауызша, құрылымдалған сөз)
Мәтін: 30-40 эссе (4 жыл) + диссертация.	Мәтін: 1 курстық жұмыс (4 жыл) + дипломдық жұмыс.
Эссе – жеке өзіндік идеяларды көрсету және негіздеу. Нәтиже – авторлық ғылыми шығармашылық	Реферат – біреудің бөтен ойларын мазмұндау. Нәтиже – оқытушының, монографиялар мен мақалалардың ойы.

1-кесте Гришина И.В., Короткина И.Б. презентациясының тәжірибесінің материалдары қолданылған. Білім беру менеджменті саласында мамандарды дайындау мен біліктілігін арттыру жүйесінде «академиялық сауаттылық» тұжырымдамасын іске асыру тәжірибесі (Korotkina I.B.).

### Нәтиже мен талқы

Сонымен, эксперимент нәтижелерін зерделей келе мынадай қорытындыға келдік:

Аталған мәселелер бойынша тәжірибе жасаған қорытындылардың көрсеткіші, Қазақстанда оқитын студенттердің академиялық ұтқырлығын іске асырудың негізгі мақсаты, студенттерді жоғары оқу орындарымен бірлесіп жасалған қос дипломды бағдарлама шеңберінде оқытуға жіберу; университеттер арасындағы келісімшарт жасасу арқылы (екінші диплом алумен қатар), оның ішінде академиялық алмасу бағдарламасы шеңберінде оқыту; тағылымдамалар (оның ішінде лингвистикалық); білім беру (ғылыми, өндірістік) практикасының өтуі; жазғы мектептерге (семестрлерге) қатысу болып отыр.

Оқу орнының академиялық ұтқырлығын дамыту үшін төмендегі шараларды ұйымдастыру қажет:

– студенттер, магистранттар мен оқытушыларға арналған гранттар жүйесін құру және дамыту;

– академиялық ұтқырлықты ұйымдастырушы механизмдерді және ішкі нормативтік-әдістемені қамтамасыз етуді жетілдіру;

– халықаралық ынтымақтастық бағдарламаларына қатысуға тілдік дағдыларды қалыптастыруды қамтамасыз ететін шет тілді студенттердің, оқытушылардың және университет қызметкерлерінің жоғары сапалы дайындықтарын қамтамасыз ету;

– академиялық ұтқырлық бағдарламалары туралы ақпараттандыру жүйесін дамыту.

Батыс Еуропа мен АҚШ жоғарғы оқу орындарында оқыту үдерісінің ұйымдастыру қазақстандық нұсқадан мүлдем басқаша. Басты көңіл жазбаша жұмыс жасауға бағдарланған студенттік өзіндік жұмысына қойылады. Дегенмен, біздің пікірімізше, басқа елдердегі әріптестерімізді елемеге болмайды. Академиялық эссе жанрына жүгіну оң нәтиже береді, оқу үдерісін байытады, оны қызықты және қолданбалы қылады.

Әлемдік теория мен практикада ғылыми эссе жанрының канондары жасалған, оны дайындау мен жазу әдістемесі « Academic Writing for Research» атты элективті курсының мазмұнында көрініс тапты. Егер жоғары білімді интернационализациялау үрдісін ескерсек, курс алдында тұрған міндеттерді шешу: болашақ әлеуметтік педагогтардың зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастыруды жүзеге асырады, сонымен қатар әлемдік білім беру және ғылыми кеңістікке еніге ықпал етеді. (Jeksembinova, 2017: 81)

Қазақстанда академиялық жазудың басқа түрі академиялық сауаттылық біліктерін кешенді дамыту жүйесіндегі арнайы бағдарламаларын жасау мен ендірудің қажеттілігі анық, себебі мұндай типтес бағдарламаларсыз сәйкес нәтиже алу мүмкін емес. Өз кезегінде, бұл жұмыс қажетті әдіснамалық құралдар мен оны сипаттаушы терминологияны ендіруді талап етеді және де бұл жүйені мамандардың деңгейлеп ендіруін қажет етеді. Академиялық ұтқырлық маманның жалпы көрінісі мен мәдениетаралық құзыреттілігін кеңейтуге мүмкіндік береді. Шетелде тұрып, басқа елдің дәстүрлерін, құндылықтарын және басқа университеттің корпоративтік мәдениетін зерттеуде өзіңіздің мәдениетіңізге, әдет-ғұрыптарыңыз бен салт-дәстүрлеріңізге және

әртүрлі көзқараспен сіздің университетіңіздің білім сапасына көз жеткізуге мүмкіндік береді.

1980-шы жылдардың соңына қарай ғылыми мәтінді талдаудың функционалды стилистикалық тұғыры атты практикалық стилистиканың тағы бір бағыты қалыптасты (Е.А. Баженова, А.Г. Баранов, И.С. Бедрина, М.Н. Кожина, М.П. Котюрова, Е.С. Кубрякова және т.б. (Kotiyova, Kubyakova, Myrzalynova, 2003). Оның негізінде келесі негізгі принциптер қаланды:

- білім өнімі ретінде мәтіннің біртұтастығы,
- мәтіндік іс-әрекет үдерісінің динамикалық сипаты,

- мәтіндік іс-әрекетінің лингвистикалық және экстралингвистикалық бірлігі.

Кәсіби мәнмәтінде мәтіндік іс-әрекет біртұтас мәтіндер арқылы қарым-қатынас жасауды қарастыратындықтан, Т.М.Дридзе мәтіннің макроқұрылымы мен микроқұрылымын ажыратып алға қарай маңызды қадам жасайды. Макроқұрылым иерархиялы әртүрлі реттегі мағыналық блоктар ретінде түсіндірілсе, микроқұрылым – мәтіннің тірек мағыналық түйіндері көрінетін мәтіншілік байланыстардың толық жинағы ретінде (Dridze, 1984) қарастырылды. Мәтінді әр түрлі екі деңгейдегі құрылым ретінде қарастыру және иерархиялық мағыналық блоктарды ажырату Т.М.Дридзенің жұмысын теориялық аспектіде мәтінді шетелдік зерттеулерге жақындатады.

Мәтінді біртұтас ретінде қарастыру қажеттілігін пәнаралық қана емес, сонымен қатар халықаралық зерттеулер де көрсетіледі. Кәсіби, ғылыми және академиялық жазу мәселелерімен айналысатын шетелдік зерттеушілердің көзқа-

расы бойынша (Р.Р. Джордан, К. Кэндлин, М. Ли, С. Митчелл, Дж. Морли, Г. Плам, Б. Стрит, К. Хайлэнд, Л. Хэмп-Лайонс және т.б.), мәтін автор іс-әрекетінің өнімі ретінде өзін авторлық тілдік сауаттылығы мен ана тілінде жазу білігі және пән саласының ерекшелігін түсіну, өзінің идеяларын реттей және ұйымдастыра алу мен оларды нақты әлеуметтік мәдени жағдайлардың, әлеуетті оқырманның қызығушылығын сенімді мазмұндауды қамтитын күрделі бірегей жүйе ретінде көрсетеді. Осылай, К.Н.Кэндлин мен К.Хайлэнд мәтінде «түсіну үшін көптеген әртүрлі аспектілерді ескеру талап етілетін көпөлшемді құрастыру қажет деді. Осыған орай білімді өңдеу барысында мәтінді жасауды жазудан бөлек қарастыру қате болды; сол сияқты оны өзі жүріп жатқан арнайы жағдайлардан да, жазудың қандай да бір жағдаятын шарттаған (Candlin C., Nyland K., 1999).

### Қорытынды

Осылайша, академиялық ұтқырлықты заманауи шарттармен дамытудың негізгі құралдарының бірі біліктілік пен білім беру құжаттарын тану болып табылады. Осыған байланысты әртүрлі ЖОО-дардың дипломдарын салыстыру бойынша ұлттық және халықаралық деңгейде нығайтуға көмектесетін белгілі бір құқықтық база арқылы жұмыстар жүргізу. Шет елдердің тәжірибесін басшылыққа ала отырып, қазақстандық білім беру ерекшелігін ескере отырып, әр түрлі салаларда жоғары білікті мамандарды даярлаудың түпкі мақсаты ретінде бірлескен білім беру бағдарламалары мен жобаларын әзірлеу қажеттігі туындауда.

### Әдебиеттер

Жексембинова А.К. Университеттік білім беру жүйесіндегі болашақ әлеуметтік педагогтардың зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастыру: философ док.дис... – Алматы, 2017. – 125 б.

Яновская О.А. «Глобальные вызовы и современные тренды развития высшего образования»: сборник матер. конф. – Алматы, 2013. – 240 б.

Оқушылардың функционалды сауаттылығына арналған ұлттық іс-қимыл жоспарын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 маусымдағы, № 832 Қаулысы.

Мурзалинова А.Ж. Формирование функциональной грамотности учащихся при обучении русскому языку как неродному на старшей ступени школы общественно-гуманитарного направления: дис. ... док. пед. наук: 13.00.02. – 2003. – 398 с.

Бринёв Н.С., Чуянов Р.А. Академическая мобильность студентов как фактор развития процесса интернационализации образования// [www.prof.msu.ru/publ/omsk2/ob60.htm](http://www.prof.msu.ru/publ/omsk2/ob60.htm)

Тенденции обновления систем и образовательных стандартов высшего образования государств-участников СНГ в контексте Болонского процесса: итоговый анализ. докл. // М.: ИЦПКПС, 2006. – 158 с.

Короткина И.Б. Развитие профессионально ориентированной письменной коммуникации у руководителей школ в процессе повышения квалификации. Научная библиотека диссертаций и авторефератов disserCat// <http://www.dissercat.com/content/razvitie-professionalno-orientirovannoi-pismennoi-kommunikatsii-u-rukoditelei-shkol-v-prot>

- Баженова Е.А. Научный текст как система субтекстов: автореф. ... док. фил. наук: 10.02.01. – Екатеринбург: Ур. гос. ун-т им. А.М. Горького, 2001. – 42 с.
- Котурова М.П. Об экстралингвистических основаниях смысловой структуры научного текста: Функционально-стилистический аспект. – Красноярск, 1988. – 171 с.
- Кожина М.Н. К основаниям функциональной стилистики. – Пермь: Изд-во ПГУ, 1968. – 251 с.
- Кубрякова Е.С. Текст и его понимание // Русский текст. – Российско-американский журнал по русской филологии. – СПб: Лоуренс: Дэрэм, 1994. – №2. – С. 18-26.
- Дридзе Т.М. Текстовая деятельность в структуре социальной коммуникации: Проблемы семиосоциопсихологии. – М.: Наука, 1984. – 269 с.
- Writing: Texts, Processes and Practices / eds. Candlin C., Hyland K. – London and New York: Longman. 1999. – 330 p.

### References

- Bajenova E.A. (2001). Naýchnyi tekst kak sistema sýbtekstvo avtoref. ... dok. fil. naýk: [Scientific text as a system subtekstvo] 10.02.01. Ekaterinbýrg, 42 s.
- Brinëv N.S., Chýjanov R.A. Akademicheskaja mobilnost stýdentov kak faktor razvítia protsessa internatsionalizatsii obrazovaniia [Academic mobility of students as a factor in the development of the process of internationalization of education]. [www.prof.msu.ru/publ/omsk2/o60.htm](http://www.prof.msu.ru/publ/omsk2/o60.htm)
- Dridze T.M. (1984). Tekstovaja deiatel'nost v strýktýre sotsialnoi kommýnikatsii: [Text activity in the structure of social communication]. Problemy semiosotsiopsihologii. M.: Naýka, 269 s.
- Ianovskaja O.A. (2013) Globalnye vyzovy i sovremennye trendy razvítia vysshego obrazovaniia. [Global challenges and modern trends in the development of higher education]. sbornik mater. konf. Almaty, 240 b.
- Jekseminova A.K. (2017). Ýniversitettik bilim berý júesindegi bolashaq áleýmettik pedagogtardyń zertteýshilik quzyrettiligin qalyptastyryú. [Formation of research competence of future social teachers in the university education system]. filosof dok.dis... Almaty, 125 b.
- Kojina M.N. (1968). K osnovaniiam fýnktsionalnoi stilistik. [To the foundations of functional style] Perm, 251 s.
- Korotkina I.B. Razvitie professionalno orientirovannoi pismennoi kommýnikatsii ý rukovoditelei shkol v protsesse povysheniia kvalifikatsii. [Development of professionally oriented written communication among school leaders in the process of advanced training]. Naýchnaia biblioteka dissertatsii i avtoreferatov disserCat// <http://www.dissercat.com/content/razvitie-professionalno-orientirovannoi-pismennoi-kommunikatsii-u-rukovoditelei-shkol-v-prot>
- Kotýrova M.P. (1988). Ob ekstralingvisticheskikh osnovaniiah smyslovoi strýktýry naýchnogo teksta. [On the extralinguistic bases of the semantic structure of a scientific text]. Fýnktsionalno-stilisticheskii aspekt. Krasnoiar'sk, 171 s.
- Kýbriaikova E.S. (1994). Tekst i ego ponimanie. [Text and Understanding]. Rýsskii tekst. – Rossiisko-amerikanskii jýrnal po rýsskoi filologii. SPb: Loýrens: Derem, s.18-26.
- Mýrzalinova A.J. (2003). Formirovanie fýnktsionalnoi gramotnosti ýchait'sia pri obýchenii rýsskomý iazyký kak nerodnomý na starshei stýpeni shkoly obestvenno-gýmanitarnogo napravleniia: [Formation of functional literacy of students in teaching Russian as a non-native at the senior level of the social and humanitarian school]. dis. ... dok. ped. naýk: 13.00.02. 398 s.
- Oqýshylardyń fýnktsionaldyq saýattylyǵyna arnalǵan ulttyq is-qimyl josparyn bekity túraly. Qazaqstan Respýblikasy Úkimetiniń 2012 jylǵy 25 maýsymdaǵy, № 832 Qaýlysy.
- Tendentsii obnovleniia sistem i obrazovatelnyh standartov vysshego obrazovaniia gosýdarstv-ýchastnikov SNG v kontekste Bolonskogo protsessa: itogovyi analit. dokl.= [Tendencies towards renovation of higher education; systems and educational standards of the CIS countries within the context of the Bologna process]. M.: 2006. 158 s.
- Candlin C., Hyland K. (1999). Writing: Texts, Processes and Practices / eds.. London and New York: Longman. 330 p.